

6. Суколенов И. В. Теория и практика гражданского образования в общеобразовательных учреждениях : автореф. дис. ... кан. пед. наук / Суколенков Игорь Владимирович. – М., 2002. – 17 с.

7. Сухомлинский В. А. Рождение гражданина. – М. : Молодая гвардия, 1979. – 336 с.

ОҚУШЫЛАРҒА КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫ ДӘРІШТЕУ

Саулебаева А.Е.
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
физика-математикалық бағыттағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі
Қостанай қаласы

Аннотация

Оқытудағы сын тұрғысынан ойлау әдісі оқушылардың кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйретеді. Осы негізде қазақ әдебиеті сабағында көркем шығарманы оқыту барысында ұлттық құндылықтарды блум таксономиясы арқылы оқыту барысында келешекте қолдана білуге баулиды.

Аннотация

Методы развития критического мышления способствуют формированию навыка анализировать тексты разного содержания, умения сознательного выбора решений. На уроках казахской литературы обучение, основанное на таксономии Блума дает возможность изучать художественные произведения и находить отражения национальных ценностей.

Abstract

The methods of critical thinking development contribute to the formation of the skill of analyzing texts of various content, ability to make conscious choices. In the Kazakh literature lessons the learning, which is based on the Bloom's taxonomy, gives an opportunity to study the works of fiction and find the reflection of the national values.

Түйін сөздер: сыни тұрғыдан, ойлау дағдылары, жоғары деңгейлі, сұрақтар, тәсіл, үдеріс, тәжірибе, ақпарат, іс-әрекет, бағдарлама, инновация.

Ключевые слова: с критической точки зрения, навыки мышления, высокий уровень, вопросы, подход, процесс, опыт, информация, действия, программа, инновация.

Keywords: From the critical perspective, thinking skills, high level, questions, approach, process, experience, information, actions, programme, innovation.

Білім берудің жаңа кезеңіндегі өзекті мәселенің бірі – жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру болып табылады. Құнды қасиеттерге баулу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туғанынан басталуы керек. Халықта «Дұрыс қанаттанған түзу ұшар» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерге тәрбиелеуде отбасы мен ұстаздары шешуші рөл атқарады.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі – өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Негізгі міндет – балалардың жақсы әдет, мінез-құлықын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

«Оқу мен тәрбие - егіз», ал осы екі саланы бөліп жармай еңбек ете білу-біздің басты міндетіміз. «Білім берудің қай түрі болмасын – тәрбие» деп дарын иелері айтқандай, оқушыларды оқыта отырып, тәрбиелесек, тәрбиелей отырып оқытамыз. Оқыта отырып шәкірттерімізді өнерлі, жан-жақты болуға баулимыз. Осы

үдерістердің барлығы мектеп табалдырығынан жүзеге асады, мектеп адам жолының рухани дамуы үшін арналған баспалдақ болмақ. Жеке тұлға адам болып қалыптасу үшін баспалдақтан өтуі керек. Терең білім алу үшін «қарапайымнан» «күрделіге» дейін қанша саты болса, сонша сатыдан көтерілуі керек.

Ұстаз, шәкірт, мектеп – бір-бірінен ажыратуға болмайтын атаулар. Мектептің рухани өмірі мұғалімнің өн бойында. Ол өзінің ұстаздық қызметін, шәкіртшәкірттік қызметін атқарады. Шәкірттің ұстазына *«Мені қолымнан төмен қарай тартпаңыз, жоғары да тартпаңыз, қолым ауырады. Мен үшін қиналмай, еркін жоғары қарай көтерілетін білім баспалдағын табыңыз»* деген талабы бар. Ұстаз өз қызметін шәкірттерімен өз дәрежесінде атқарған кезде ғана мектеп болады, өйткені мұғалім-мектептің негізін қалаушы.[1,с.3]

Дәстүрлі оқытуда шығармашылық жұмыстарға көңіл бөлу-технологиялық оқыту мен салыстырғанда шығармашылық жұмыстарды жеке тұлғаға бағыттау, оқушыларға еркіндік беру, оқушы мен мұғалім еңбегін өнімді іс-әрекетке негіздеу, оқушыға субъект ретінде қарау негізге алынбаған.

Дәстүрлі оқытуда мұғалім: жалпыға бағытталған тапсырмалар, тапсырманы ұсынушы, орындалуын талап етуші, тексеруші, бақылаушы, бағалаушы, қорытындылаушы болса, оқушы іс-әрекеті: тапсырмаларды қабылдаушы, мұғалімнің басшылығына сүйенген объект, тыңдаушы, келісуші, қайталаушы болып жұмыс жасалды;

Технологиялық оқытуда оқушы: оқушы-оқыту субъектісі, мақсатқа дербес өзінің іс-әрекетімен жетуші белсенді субъект, өзін-өзі және бірін-бірі оқытушы, өнерпаз, жасампаз еңбектің иесі, өз ізденісімен табысқа жетуші болса, мұғалім: жеке тұлғаға қарай бағытталған тапсырмалар ұсынушы, нақты мақсат қоюшы, бағыт-бағдар беруші, кеңесші, оқушының жетістігін құптаушы, ынталандырушы, мақсаттарға жетелеуші болып қызмет атқарады.

Әл-Фараби өз еңбектерінде сапалы білім алу үшін тәрбиеленушілерді 2 топқа жатқызған. 1-ші топ- өз еркімен білімді меңгеруге ұмтылушылар. Оларды оқытудың жеңілдігін, оларды өздеріне сенім арту керектігін атап көрсеткен. 2-ші топ- амалсыздан оқитындар. Ондай оқушыларды қатаң қадағалап оқыту дегенді ұсынған. Яғни білімнің сапасы оқытушының қандай әдіс- тәсілдерді қолданып оқытуына тікелей қатысты екендігін дәлелдейді. Әл- Фараби педагогикалық ықпал ету әдістерін алғаш ұсынған, оның тиімділігін, қолдану жолдарын дәлелдеп, білім сапасын арттырудың мүмкіндіктерін көрсеткен. Әл-Фарабидің оқыту туралы ілімі, оны ғылыммен байланыстыруы бүгінгі педагогикалық үрдістің негізгі тереңі, әдісі болып есептеледі. Ұлы ғұламалар Ж.Баласағұнның пікірі де, ұлы ғұлама ақын Абай ойлары да, Әл-Фарабидің пікірін қуаттап, толықтыра түседі. Олай болса бүгінгі күні жеке адамды қалыптастыруда ұлы ғұламалар еңбектеріндегі білімді меңгерудің әдіс- тәсілдерін басшылыққа алсақ, педагогикалық үрдісті ұйымдастыру ұлттық психологиямызға сай өз үйлесімін табары анық.[2,с.15]

Осы негізде қазақ әдебиеті сабағында ұлттық құндылықтарды Блум таксономиясы арқылы көркем шығарманы түсіну/жауап беру, анализ/интерпретация, бағалау/синтез жасау бойынша құрылған оқу мақсаттарымен жұмыс жасаудамыз. Сол сияқты сабақтарымда «Жоғары деңгейлі сұрақтар арқылы оқушылардың сыни ойлау дағдысын қалыптастыру» тақырыбында кәсіби мақсатта жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталсақ...

Оқытудағы сын тұрғысынан ойлау әдісі оқушылардың кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйретеді. Сол сияқты, сын тұрғысынан ойлаудың Блум таксономиясымен байланыстыру- үйлесімділік табатыны байқалады.

Сыни тұрғыдан ойлау ой жүгірту, пайымдау жасау немесе проблеманы шешу үдерісі жүрген барлық жағдайларда, яғни неге сенуге болады, не істеу керек және бұны ойластырылған әрі рефлексивтік тәсілмен қалай істеуге болатындығын анықтау қажет болған жағдайлардың барлығында орын алады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Стил, Куртис С.Мередит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады.

“Сын тұрғысынан ойлау” ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар. [2,136]

Сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс». Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі.

Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Мысалы, 10 В сыныбында қазақ әдебиеті сабағында Д. Исабеков «Қара шаңырақ» әңгімесімен Т.Әбдіков «Қонақтар» әңгімесін салыстыра оқыту арқылы рухани құндылықтардың мәнін ашып, талдап, салыстыра отырып өз ойларын айту көзделген болатын. Сонымен қатар, Блум таксономиясы бойынша жоғары деңгейлі сұрақтар бере отырып, оқушының көркем шығармаға деген қызығушылығын арттыра отырып, жеткеншектің бойында рухани құндылықтарды түсініп, тұшынып, күнделікті өмірде қолдана білуге үйретеді. Сол арқылы оқушының сыни ойлау дағдысын қалыптастыру көзделді. Сабақ барысында бірнеше әдіс-тәсілдерді пайдаланылды. Мысалға айтсақ,

Д. Исабековтің «Қара шаңырақ» әңгімесі мен Т.Әбдіковтің «Қонақтар» әңгімесін салыстыра оқыту бойынша «Ақылды алты қалпақ» әдісі қолданылды.

Ақ қалпақ «Турасын айтқан туганына жақпас» (тақырып сабақтың тақырыбына сәйкес алынды).

Ақ түс таза қағаз беті сияқты алалықсыз және объективті фактілер, шынайы ақпараттар. Айтылған пікірді растайтын немесе жоққа шығаратын қандай фактілер бар? Шынайы өмірді көрсету үшін қандай ақпарат қажет? Өз-өзімізге қандай сұрақтар қойып, жауап алуымыз мүмкін?

Қызыл қалпақ «Ашу –дұшпан, ақыл -дос»(тақырып сабақтың тақырыбына сәйкес алынды)

Қызыл түс ашуды, шиеленісті білдіреді. Қызыл қалпақта адамды эмоциялар, сезу, сезімдер билейді. Осыған байланысты менде қандай сезімдер туындады?

Сары қалпақ – позитив

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын»(тақырып сабақтың тақырыбына сәйкес алынды).

Сары түс – күн көзінің түсі. Сары қалпақтағы адам оптимизмге толы, ол артықшылықтарды іздестіреді. Не себепті осы істі істеді? Автор ойының артықшылықтары қандай? Бұл кім үшін пайдалы?

Қара қалпақ – негатив

«Әкенің көңілі – балада, баланың көңілі далада»(тақырып сабақтың тақырыбына сәйкес алынды)

Қара түс – қараңғылық, қорқыныш, қауіп-қатер. Қандай жағымсыз жақтарын көрдіңіз? Жағымсыз сюжеттер не үшін керек? Қандай олқылықтар бар? Кемшіліктері неде? Бұл идея не үшін қажет және жүзеге асады ма?

Жасыл қалпақ – креатив

«Ұстаздан шәкірт озар»(тақырып сабақтың тақырыбына сәйкес алынды)

Жасыл қалпақ – өсімдіктердің, молшылықтың, табыстылықтың түсі. Жаңа идеялар туындап, шығармашылық бастауын алады. Осы жағдайда сіз не істер едіңіз? Баламалы идеялар бар ма? Сіз автор болсаңыз қандай сюжет қосар едіңіз?

Көк қалпақ. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні»(тақырып сабақтың тақырыбына сәйкес алынды)

Көк қалпақ – аспан түсі. Ол қорыту, түйінді ой айтумен байланысты. Неге қол жеткіздік? Болашақта нені ескеруіміз керек?деген сұрақтар беріліп, оқушылар сабақ барысында қойылған жетелеуші бастапқы сұрақтар бойынша екі шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекетін

«Төрт бұрыш» әдісіД. Исабеков «Қара шаңырақ», Т.Әбдіков «Қонақтар» әңгімесін салыстыра оқыту арқылы рухани құндылықтардың мән-мағынасын аша отырып, қорытынды ой айтады. Оқушылар бөлменің 4 бұрышындағы мәселелерді оқып, өз қалауларымен таңдаған бұрыштарына барып, не себепті сол бұрышты таңдағандарын айтып ой бөліседі. Сол уақытта оқушының бойында сыйластық, қонақжайлылық, қарттарды құрметтеу, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас құндылықтары өріс алады.

Қазақ үйіне келген қонақты кет демейді. Қонағын құдайдай сыйлайтын халық. Ал бүгінгі заманда аса қонақжай болудың түк қажеті жоқ.	Ол тарыдай шашылып, қауындай жарылып той жасамақшы. Қазақ халқы өзі қара нан мен қара су ішсе де, ең дәмдісін баласының аузына тосатын балажан халық.
---	---

«Заманың түлкі болса, тазы болып қу» демекші, білім мен білік бәсекеге түскен заманда көштен қалып қоймау керек. Ауылда өскен бала не көреді?	«Қарттық берсең, қадірімен бер» - дейді атам қазақ. Сөйтіп өздері айтып алады да, келін мен ұлға сүйкімсіз болып отырады. Қартайғанда жандарын бағып, өз-өздерін күтіп, артық ақшалары болса санаторийге барып, демалып жатпайды ма екен?
---	---

«Әуе шары»әдісі. Отбасылық құндылықтар. Топпен жұмыс, ойлану, шешім қабылдау, мәселені шешу, ақпаратты басқару жұмыстары жүзеге асады.

Әуе шарында кімдер болуы мүмкін?

Баласының әңгімесі әкесіне неліктен ұнамады?

Әкесінің түнімен мазасызданып шығуының себебі не?

Әке үміті ақталды ма? Әке реніші орынды ма?

Әңгімеде көтерілген адамгершілік мәселенің біздің бүгінгі өмірімізге қандай қатысы қандай?

Қиындықпен күресудің қандай жолын ұсынасыздар? Мәселені қалай шешер едіңіздер?- деген сұрақтар арқылы сабақты қорытындылаймыз. Оқушылар сұраққа жауап беру барысында екі шығарма бойынша ойларын қорытындылайды.

Жоғары деңгейлі сұрақтар арқылы оқушылардың сыниойлау дағдысы қалыптасумен қатар,бір-біріне құрметпен қарауға, өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға, мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға,достарының ойын тыңдай

отырып, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға; белсенді шығармашылықпен ойлауға мүмкіндік алып, дамиды. Мақаламды «Естігенімді – ұмытамын, көргенімді – есте сақтаймын, өз істегенімді – меңгеремін» деген ұлы ойшыл Конфуцийдің сөзімен аяқтағым келеді. Оқушының барлық құндылықтарды бойына сіңіріп, жеке тұлға болып қалыптасуы мұғалімнің жауапкершілігінде екені белгілі нәрсе.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қылышбаева К.Ә Әдебиет пәнін шығармашылықпен оқыту- Блум таксономиясының ұтымдылығы. Астана-2012 [1, с.3], [2, с.11].

2. Мухамбетова Ф.Г. Инновациялық технология [2, с.15].

ГЕТЕНІҢ «ФАУСТ» ТРАГЕДИЯСЫ ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ГУМАНИСТІК ИДЕЯ

Сейсекенова А.Б.
ф.ғ.к., доцент, Қазақ экономика,
қаржы және халықаралық сауда университеті,
Астана қ.

Аннотация

Бұл мақалада Шәкәрім және Гете поэзиясындағы ой, сөз, іс бірлігі идеясы қарастырылған. Сөз өнерін адамның биік мүмкіндіктеріне жол ашатын игілікті мұрат, ақыл-ой мәдениеті мен парасаттылыққа, ойды іске асыратын қасиетті құрал дәрежесіне көтеретін күш-қуат мәселелері жан-жақты сипатталған.

Аннотация

В данной статье рассматривается идея единства мысли, слова и дела в поэзии Шакарима и Гете. А также говорится о величии искусства художественного слова, которая способна вести человека к высоким возможностям, открыть путь к благим делам, культуре и нравственности.

Abstract

This article discusses the idea of the unity of thoughts, words and deeds in the poetry of Goethe and Shakarim. As well as the greatness of the art of artistic expression, which is able to lead a person to high opportunities, to open the way to good works, culture and morality.

Түйінді сөздер: сөз, ой, күш, іс, рух, материя, жан, кеңістік, қозғалыс, интуиивті метафора.

Ключевые слова: слова, мысль, сила, действие, дух, материя, душа, пространство, движения, интуитивная метафора.

Keywords: words, thought, power, action, spirit, matter, soul, space, movement, intuitive metaphor.

Шәкәрім Құдайбердіұлы адамның ең жоғарғы мәні, ақиқатқа жетудің бірден-бір алғы шарты адамның жан дүниесінің тазалануы яғни, «Шайтаннан басқа жауым жоқ», адамдағы ең қиын іс - өз зұлымдығын жену екендігін:

Мен бір - тілсіз көлікпін,

Басыма соқпа, дауың жоқ.

Тепкілеме, өлікпін

Шайтаннан басқа жауым жоқ [1, 89],-

деп түйіндейді. Өз шығармашылығындағы өзекті мәселе, ең күрделі сұрақтың бірі - адам өмірін қалай түзетуге болады деген сұраққа адал еңбек, білім үйренумен қатар «ар білімі» оқытылуы керектігін насихаттаған ақын: «Бұл ғылымды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып, нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың қожа болып қалу жағын көздеу керек. Адам бойындағы нәпсі кеселі кетсе, өзгерісі оңай...», - деп түсіндіреді [1, 542]. Неміс ақыны Иоганн Вольфганг Гетенің әлемге әйгілі кейіпкері